БЕКІТІЛДІ
«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ
Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілген
(27 09 .2024 ж. № 1 хаттама)

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тіркеу № 24

ТАРАЗ, 2024

© «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	/қолы/	23.09.24ж.
	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибаева Г.А.	/қолы/	23.09.24ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ПД 1.17 – 2023 «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы, 1-ші редакциясы. Е/ПД 3-1.11-2022 «Университет ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі» туралы ережесі, 1-ші редакциясы.		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	Осы Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасының есепке алынған жұмыс данасы барлық проректорларға, барлық құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, деканаттарға, кафедраларға таратылады. Есепке алынған жұмыс даналарының көшірмелерін беру УСТ 01-ге сәйкес жүзеге асырылады.		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 1, «27» 09 2024 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	/қолы/	26.09.24ж.
	Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Еркинбаева Л.К.	/қолы/	26.09.24ж.
	Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.А.	/қолы/	25.09.24ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	/қолы/	25.09.24ж.
	Басқарма мүшесі – инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректордың м.а. Есмаханов Б.М.	/қолы/	24.09.24ж.
	Заң қызметінің басшысы Самбетов С.Т.	/қолы/	24.09.24ж.

Бұл құжат «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 4
1. Қолданылу саласы 6
2. Нормативтік сілтемелер 6
2.1 Нормативтік құжаттар 6
3. Негізгі терминдер, қысқартылған сөздер және белгілер 7
3.1 Негізгі терминдер 7
3.2 Қысқартылған сөздер 8
4. Жауапкершілік және өкілеттілік 9
5. Дулати университетінің миссиясы, келешек келбеті, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері 9
6. Сапаға көзқарас, сапа түсінігі, сапаны қамтамасыз ету моделі 11
7. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі, Сапаны қамтамасыз ету моделі, Дулати университетінің негізгі қағидаттары мен құндылықтары 12
7.1 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі 14
7.2 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары 14
7.3 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі құндылықтары 15
7.4 Сапаны қамтамасыз ету әдіснамасы 15
8. Сапаны қамтамасыз ету саясатының негізгі қағидаттары, сапа мәдениеті және сапаны қамтамасыз етуді басқару 16
8.1 Сапаны қамтамасыз етуді басқару 16
9. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің стандарттары 18
9.1 Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат 18
9.2 Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту 20
9.3 Стандарт 3. Студенттерге бағытталған білім беру, оқыту және бағалау 22
9.4 Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау 23
9.5 Стандарт 5. Профессорлық оқытушы құрамы 24
9.6 Стандарт 6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі 25
9.7 Стандарт 7. Ақпаратты басқару 26
9.8 Стандарт 8. Қоғамды ақпараттандыру 28
9.9 Стандарт 9. Бағдарламаларды тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау 29
9.10 Стандарт 10. Сапаны мерзімді түрде сырттан қамтамасыз ету 31
10.Тәуекелдерді басқару 32
11. Қосымшалар 33
А қосымшасы. Танысу парағы 33
Б қосымшасы. Өзгерістерді тіркеу парағы 34

КІРІСПЕ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ (бұдан әрі –Дулати университеті) үздіксіз білім беру саласындағы әлеуметтік миссиясын белсене атқарып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік-қоғамдық жобаларды орындаудың бастамашысы болып табылады. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту еңбек нарығындағы сұранымды ескере отырып іске асырылады. Инновациялық білім беру бағдарламалары еңбек нарығындағы форсайт-зерттеулер мен үшінші тұлғалардың қажеттіліктері негізінде әзірленген.

1998 жылы үш жоғары оқу орны: Жамбыл университеті (1996 ж. құрылған), Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты (1962 ж. құрылған) және Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты (1958 ж. құрылған) негізінде М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті құрылған. 2020 жылғы 16 маусымда Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті мен М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің қосылуы арқылы «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КеАҚ құрылды.

2024 жылғы 20 қыркүйекте «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КеАҚ бөлу жолымен қайта құру нәтижесінде «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ және «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ құрылды.

Дулати университеті табысты түрде жүзеге асырып жүрген бәсекелестік артықшылықтар стратегиялық басымдықтар мен тұрақты даму міндеттеріне оң әсерін тигізуде. Университеттің әлеуеті жылдан-жылға артып келеді, бұл халықаралық рейтинг агенттіктерінің қорытындыларымен дәлелденіп отыр. Дулати университеті 2024 жылы 8 әлемдік, 2 ұлттық рейтингтерге қатысып, жаңа жетістіктерге қол жеткізді. **QS World University Rankings** халықаралық жаһандық рейтингінде әлемнің 3000 астам жоғары оқу орындары арасында 1401+ орынды иеленсе, **Азия құрлығында** 1128 жоғары оқу орындары арасындағы рейтингте 614 орынға шығып, былтырғы позициядан 30 орынға ілгері жылжыды. Сонымен қатар, Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында 38 орынға ие болды. Дулати университеті алғаш рет **QS Stars** рейтингіне қатысып, әлемнің 105 мемлекеті 1500 жоғары оқу орындары арасында “3 жұлдыз” иегері атанды. Ал **QS Sustainability Rankings** – 2025 Тұрақты Даму рейтингінде әлем бойынша үздік 1501+ университеттің қатарына қосылды. **Азия рейтингінде** 661 университет арасында 545-ші орынды иеленді. Дулати Университеті рейтингке енген Қазақстандағы 17 университеттің ішінде:

- Жалпы әлеуметтік әсер: Қазақстанда 3-ші орын.
- Жалпы экологиялық әсер: Қазақстанда 4-ші орын.

Негізгі көрсеткіштер бойынша төмендегідей көшбасшылық көрсетті:

- <u>Экологиялық әсер:</u>
  - Экологиялық зерттеулер: Қазақстан бойынша 1-ші орын.
  - Жалпы экологиялық тұрақтылық: Қазақстанда 4-ші орын.
- <u>Әлеуметтік әсер:</u>
  - Денсаулық пен әл-ауқат: Қазақстанда 1-ші орын.
  - Білім беру әсері: Қазақстанда 2-ші орын.
  - Жалпы әлеуметтік тұрақтылық: Қазақстанда 3-ші орын.

Дулати университеті биыл алғаш рет **UI GreenMetric** әлемдік рейтингте 95 елден 1477 университет қатарында 1291-орынды және Қазақстан университеттері арасында 22-орынды иеленді.

Дулати университеті **Webometrics** әлемдік рейтингінде 2024 жылы 32 мың ЖОО арасында 21579-орынды иеленіп, өткен жылғы көрсеткішті 3890 позицияға жақсартты, Қазақстанның 134 ЖОО арасында 92-ші орыннан 34-ші орынға көтерілді. Сондай-ақ, «**Хирш 2024» Қазақ ұлттық рейтингі»** агенттігінің рейтингінде 199 ұйымның ішінен 4 позицияға ілгері жылжып, 33-ші орынды иеленді.

Ұлттық рейтингте Дулати университеті 2024 жылы **«Білім беру сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігі»** (НАОКО) рейтингінде Қазақстандағы көп бейінді ЖОО-лар арасында 7-ші орынды иеленді.

Сонымен қатар, 2024 жылы **«Атамекен» ҰКП** рейтингінде 10 Білім бағдарламасы ТОП 10 құрамына енді.

Дулати университетінің құрамына 1 колледж, 6 факультет және 38 кафедра, ғылыми кітапхана, 2 мұражай, 2 ғылыми-зерттеу институты, 10 ғылыми орталық, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік оқу орталығы, «А.С.Ахметовтың Наноинженерлік зерттеу әдістері» ғылыми-зерттеу зертханасы кіреді.

Дулати университетінің кадрлық әлеуеті 2190 адамды құрайды, оның ішінде оқытушы-профессорлар құрамы (ОҚП) – 911 адам, ғылым докторы – 30, ғылым кандидаты – 238, PhD докторлар – 80, магистр – 563 (112 профессор-оқытушылар ағылшын тілінде сабақ береді). Университетте жұмыс істейтін оқытушылардың ішінде 25 адам Қазақстан Республикасының ҰҒА, салалық ғылым академияларының және кәсіби бірлестіктердің мүшелері болып табылады. Соңғы 5 жыл ішінде 39 адам «ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.

Дулати университетінде 142 білім беру бағдарламасы бойынша білім беру қызметі жүзеге асырылады. Олардың ішінде 93 ББББ – бакалавриат деңгейінде, 42 ББББ – магистратура деңгейінде, 7 ББББ – докторантура деңгейінде жүзеге асырылады. Қазіргі кезде Дулати университетінің бакалавриат деңгейіндегі студенттерінің саны 12739 адамды құрап отыр, магистратурада – 415, докторантурада 49 білім алушы бар (мемлекеттік грант негізінде білім алушылардың саны: бакалавриатта – 4820, магистратурада – 225, докторантурада – 49 студент; ақылы негізде оқитындардың саны: бакалавриатта – 7919, магистратурада – 190 студент, докторантурада – 0). **Жалпы алғанда, университет бойынша 13203 студент бар**.

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Дулати университетінің осы Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Дулати университеті білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз арттыру және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту үшін қажетті ұйымдық құрылымды, ішкі құжаттаманы, көрсеткіштерді, процестерді және ресурстарды қамтитын негізгі құжат болып табылады. Дулати университетінің Тұжырымдамасы жоғары білімнің қазіргі даму үрдістерін ескере отырып әзірленген. Дулати университетінің негізгі миссиясы – жетекші кәсіпкерлік университет-зерттеулердің, инновациялардың және үздік тәжірибелердің тұрақты интеграторы, Еуропалық білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарына сәйкес ағымдағы ұйымдық құрылымға қатысты қолдау көрсететін жетекші кәсіпкерлік университет болу. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін университет өз миссиясы мен стратегиялық бағытына қатысты болып табылатын әрі болжамды нәтижелерге қол жеткізуге әсер ететін сыртқы және ішкі мәселелерді белгілейді.

Осы Тұжырымдама СМЖҚ құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы тұжырымдамада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР Заңы	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Тұжырымдама	«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Қағида	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Қағида	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Стандарт	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Қағида	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидасы». ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулармен);
Қағида	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569

	бұйрығы бекітілген (өзгерістер мен толықтырулармен);
Қағида	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасы». ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулармен);
Стандарт	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Нұсқаулық	«Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығымен бекітілген;
Стандарт	«Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы (ESG)» 2015 жылғы мамырда Министрлер конференциясында мақұлданған © Қазақ тіліндегі бейресми аударма Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігімен (IQAA) әзірленді, қыркүйек 2015 ж.
Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарты	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
Жарғы	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы. ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2024 жылғы 18 қыркүйектегі №660 бұйрығымен бекітілген;
Бағдарлама	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы;
Саясат	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің академиялық саясаты;
СЖЖ-01	Сапа жөнінде жетекшілік;
УСТ 01	«Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандарты;
УСТ 02	«Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын әзірлеу мен рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын талаптар» университет стандарты;
УСТ 03	«Ішкі аудит» университет стандарты;
УСТ 04	«Персоналды басқару» университет стандарты;
УСТ 05	«Түзетуші әрекеттер» университет стандарты;
УСТ 06	«Басшылық тарапынан талдау» университет стандарты.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы тұжырымдамада келесі негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Білім сапасы – білім беру қызметі мен білім алушыны даярлаудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, кәсіби стандарттарға және негізгі мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ білім беру бағдарламасының

жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін кешенді сипаттамасы.

Сапаны қамтамасыз ету – білім беру бағдарламалары мазмұнының, білім беру мүмкіндіктері мен құралдарының белгіленген мақсаттарға және қажетті сапа деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу үдерісі.

Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі – университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жақсарту және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту үшін қажетті ұйымдық құрылымы, ішкі құжаттамасы және көрсеткіштердің, үдерістер мен ресурстардың жиынтығы.

Сапа мәдениеті – университеттің барлық қызметкерлеріне ортақ болып табылатын сапаның негізгі қағидаттарын қамтитын ұйымдық тәртіп.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы Тұжырымдамада төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ЖЖОКБҰ	Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымы;
ЖОО	Жоғары оқу орны;
Дулати университеті	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ;
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі;
СМЖҚ	Сапа менеджменті жүйесінің құжаты;
ИСО	Халықаралық стандарттау ұйымы;
ХС	Халықаралық стандарт;
ҚР СТ	Қазақстан Республикасының стандарты;
УСТ	Университет стандарты;
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар;
АРСҚБ	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
СЖЖ	Сапа жөнінде жетекшілік;
МЖМС	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
ББББ	Білім беру бағдарламасы;
ОПҚ	Оқытушы-профессорлар құрамы;
ӘН	Әдістемелік нұсқаулық;
ЖН	Жұмыс нұсқаулығы;
ЛН	Лауазымдық нұсқаулық;
ҚБЕ	Құрылымдық бөлімше ережесі;
ҚЕ	Құжат ереже;
БҚЕ	Бағдарламалық қамтамасыз ету;
ҚБ	Құрылымдық бөлімше;
ҚББ	Құрылымдық бөлімше басшысы.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы Дулати университетінің алқалық басқару органындарының отырыстарында талқыланып, хаттамамен рәсімделіп (Сапа, стратегиялық және халықаралық даму комитеті), алқалық

органның шешімімен бекітіліп, Дулати университетінің сайтына орналастырылады да, көпшілік қауымға қолжетімді болады.

4.2 Осы тұжырымдаманың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандартының талаптарына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеушілер жауап береді.

4.3 Университеттің осы Тұжырымдамасын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы Тұжырымдаманы әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы Тұжырымдаманың жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушілерге жүктеледі.

4.7 Осы Тұжырымдаманың жаңа жұмыс данасы университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Тұжырымдаманың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы Тұжырымдаманың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі.

5. ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МИССИЯСЫ, КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Миссиясы: көшбасшы кәсіпкерлік университет – зерттеулердің, инновациялардың және үздік тәжірибелердің тұрақты интеграторы.

Келешек келбеті: 2029 жылға қарай Дулати Университеті академиялық және кәсіпкерлік инновациялардың ірі орталығына айналады.

Құндылықтары:

Жауапкершілік: Университеттің қызметі барлық мүдделі тараптар көре алатындай етіп жүзеге асырылады. Басшылық лауазымдардағы барлық адамдар өздерінің шешімдері мен әрекеттері және олардың нәтижелері үшін жауап береді.

Әділдік: университет басшылығы ұжымның әрбір мүшесінің меритократиясы мен еңбегін құрметтеу жүйесін құрып, қызметкерлерді кемсітуге жол бермейді.

Серіктестік: оқытушылармен және студенттермен тең серіктестік құру. Серіктестік халықаралық білім беру кеңістігінде университеттің танылуына және мойындалуына ықпал етеді.

Кәсіпкерлік: университетті дамытудың үздік тәжірибесі және оқытудың, ғылыми зерттеулер жүргізудің, ғылым мен инновацияларды өндіріске енгізудің бай тәжірибесін табыстап беру.

Бірлік: университет өзінің бүкіл қызметін құрылтайшы мемлекеттер арасындағы достық, теңдік және мәдени айырмашылықтарын мойындау қатынастарында жүзеге асырады және өзара төзімділікті көрсетеді.

Парасаттылық: білім беру, оқыту және ғылыми қызметте этика мен парасаттылықтың жоғары стандарттары сақталады әрі қолданылады.

Университеттің даму келешегі

Дулати университетін 2029 жылға дейін дамытудың стратегиялық мақсаты ұлттық және аймақтық мақсаттарға және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған жаһандық міндеттерге сәйкес университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оның бизнесте, білім беруде, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-талдау қызметінде, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени сала, ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерінде бәсекелестік артықшылықтарын нығайту болып табылады, оның ішінде:

Үздіксіз оқыту (Lifelong Learning). Мемлекеттік және қоғамдық институттар жүйесін пайдалану негізінде және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес тұлғаның (жалпы және кәсіби) білім алу әлеуетін өмір бойы арттыру үдерісі.

Жаппай цифрландыру. Университет қызметінің барлық салаларына цифрлық технологияларды енгізу.

Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК). Электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен жаппай интерактивті қатысумен оқыту курстарын дамыту.

Робототехника, жасанды интеллект (AI). Білім беру және зерттеу қызметінде жасанды интеллектті дамыту және осы заманауи бағыт үшін қажетті инфрақұрылымды құру.

Геймификация. Оқу үдерісінде ойын элементтерін, ойын технологияларын және ойын дизайнын қолдану, бұл оқу үдерісін ұйымдастырудың сапасын жақсартуға және білім алушылардың ынталану деңгейінің жоғарылауына, зейінін шоғырландыруына, сабаққа тікелей және қашықтықтан белсенді түрде қатысуына оң ықпал етеді.

VR және AR технологиялары. Геймификациямен бірге білім беруде виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары қолданылады. Бұл қабылдау аясын кеңейтуге, білім беру үдерісін көлемді әрі қызықты етуге, теория мен практиканы мүмкіндігінше жақындастыруға септігін тигізеді. VR және AR технологиялары білім беру үдерісіне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Олардың тиімділігі әртүрлі эксперименттермен расталған.

Белсенді жобалық жұмыс. Шынайы өмір мен жұмыс берушілер кешегі түлектерден теориялық білімді ғана емес, практикалық дағдыларды да күтеді. Осы себепті студенттердің өзіндік жұмысының рөлі артады. Күрделі міндеттерді шешу, ми шабуылдарына қатысу, кейстерді дайындау бірінші орынға шығады. Енді студенттер кез келген ақпаратты өздері тауып, оқи алады. Мұғалімдер материалды түсіндіруге аз уақыт жұмсап, топтық жұмысты ұйымдастыруға көбірек көңіл бөледі.

Agile и Scrum-технологиялары. Бұл оқу үдерісін ұйымдастыру әдістеріне жаңа көзқарас пен ыңғай. Олар оқу үдерісін қысқа бөліктерге бөліп, жобалармен командалық жұмысты күшейтуге және оқу нәтижесін үнемі қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар студенттерді жұмыстың әр кезеңіне жауапкершілікпен қарауға және жоғары ынталылықты сақтауға үйретеді.

Адаптивті оқыту. Күннен-күнге танымал болып келе жатқан, білім беру әр студенттің қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс екендігіне негізделген тренд. Жасанды интеллект дамыған сайын әрбір білім алушының танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке-дара оқыту жолын құруға мүмкіндік туды.

Интегралды тәсіл. Пәнаралық оқытуды қамтиды. Пәнаралық дағдылар пәнді жан-жақты оқып-үйренуге мүмкіндік береді, ал бұл сұранысқа ие маман болу үшін пайдалы болуы мүмкін.

Мұғалім рөлінің өзгеруі және чатботтар. Білімді тексеру әлі де мұғалімнің міндеті болып табылады, бірақ қазір үдерісті автоматтандыру арқылы оқытушылардың жұмысын жеңілдететін чат-боттарды әзірлеу қызметтері бар. Оқытушы білімнің жалғыз көзі болуын доғарады. Енді ол білім беру үдерісін жасаушы әрі қадағалаушы болып табылады. Оның мойнына келесі маңызды міндеттер жүктеледі: студенттерді оқуға тарту, оқуға деген ынтасын қолдау, интерактивті жобаларды ойлап тауып, оларға режиссерлік ету, білім алушыларға ойлануды және ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауды үйрету.

Деректерді басқару және аналитикалық платформалар құру. Сенімді деректер негізінде іскерлік шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін ақпаратты тиімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін деректерді интеллектуалдық талдауға арналған бағдарламалық кешендер мен өнімдерді жасап шығару.

Инновациялық ғылыми экожүйені дамыту. Университетті әлемдік білім беру кеңістігінде көшбасшылық орындарға ілгерілететін зерттеулер жүргізу мен инновацияларды енгізу үшін жағдайлар жасау және қажетті инфрақұрылымды түзу.

Кәсіпкерлік экожүйесін құру. Студенттерге, ОПҚ мүшелеріне және ғылыми қызметкерлерге арналған кәсіпкерлік инфрақұрылым құрып, кәсіби кәсіпкерлік ортаны дамыту.

2024 жылдан 2029 жылға дейінгі кезеңді қамтитын Университеттің даму бағдарламасы университетті жоғары беделді үздік әрі озық білім беру мекемелерінің біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Стратегия жеті бағытты қамтиды:

1. Академиялық артықшылық
2. Ғылыми көшбасшылық және жаһандық көзқарас
3. Операциялық артықшылық
4. Химиялық, инженерлік-техникалық және технологиялық мектептерді дамыту
5. Су және энергетика саласының тиімді әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету
6. Педагогикалық білім мен ғылымның тиімді моделі
7. Заң және бизнес-білім берудің жаңа моделі

Кадрларды даярлаудың инженерлік-техникалық бағыттары (технологиялық факультет) өңіріміз бен республика экономикасының барлық салалары үшін техникалық бағыттардың инженерлері мен мамандарын даярлауда шешуші рөл атқаруы тиіс.

Кадрларды даярлаудың педагогикалық бағыттары (жаратылыстану ғылымдары факультеті, филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, дене шынықтыру және бастауыш әскери даярлық факультеті) мектепке дейінгі, бастауыш және орта білім беру, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары білім салаларында озық тәжірибені қолдана отырып, Қазақстандағы білім берудің балық деңгейлерінің реформасын ілгерілетуде басты рөл атқаруы тиіс.

Біз бұған химиялық инженерия, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар, білім беру және т.б. салалардағы мәселелер мен реформалар бойынша тренингтер өткізу, зерттеулер жүргізу, бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде оқу бағдарламаларын ұсыну, жоғары және орта білім беру жүйесінің оқытушылары мен қызметкерлеріне кәсіби даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету арқылы қол жеткізуге ниеттіміз.

Даму бағдарламасы білім беру, зерттеу, адами ресурстар, қоғамдық қызметтер мен инфрақұрылымның сапасын халықаралық стандарттар мен регламенттерге сәйкес келтіруге бағытталған. Біз күш-жігерімізді техникалық, химиялық және педагогикалық кластерді, оқу-ғылыми инфрақұрылымды дамытуға жұмсаймыз.

6. САПАҒА КӨЗҚАРАС, САПА ТҮСІНІГІ, САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МОДЕЛІ

«Сапа» ұғымының анықтамасы тұтынушылардың өз сұраныстарының орындалуына қанағаттануын білдіреді, бұл орайда сапа дәрежесі өте төмен немесе жоғары (артықшылықты) болуы мүмкін. Сапаны қамтамасыз ету» ұғымын қолдану тұтынушыға өнімнің немесе қызметтің сапасын қамтамасыз ету үшін немесе оған кепілдік беру үшін тек инспекция немесе бақылауды ғана емес, кез келген басқа да жұмыс не басқару тәсілін пайдалануға болатындығымен шартталады. Осының негізінде сапаны қамтамасыз етудің өзі сапаны қамтамасыз ету және жақсарту құралы болып табылады. Сапаны қамтамасыз етуге қабілетті болу үшін жүйелі түрде саралау жүргізіп отыру қажет, осыған байланысты барлық қажеттіліктерді басқаратын, бірақ сонымен бірге сапаның өзін басқаратын жүйе қажет.

Университеттегі сапаны қамтамасыз ету дегеніміз – сапа мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін белгілі бір жағдайлар жасау әрі қажетті ресурстарды бөлу. Оларға, ең алдымен, оқу-әдістемелік, қаржылық қамтамасыз ету, материалдық негіз, қызметкерлердің

қабілеттері, студенттердің дайындығы, ақпараттық қызмет көрсету жатады. ЖОО-дағы білім сапасы осы аталғандардың жай-күйінің деңгейіне байланысты және олар білім беру қызметі сапасының кепілі болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекет тұрақты болуы тиісті сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін айқындауда. Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің мемлекеттік саясаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары мен мақсаттарын, ЖЖОКБҰ педагогтерінің (профессор-оқытушылар құрамының) кәсіби стандарттарының, білім беру қызметіне (лицензиялауға) қойылатын біліктілік талаптарын іске асыруға бағытталған. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін мемлекет тарапынан реттеу қажеттілігі азаматтардың қолжетімді әрі сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қорғаудан келіп шығады.

Қазіргі уақытта сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін мемлекет анықтайды, және де ол тұрақты сипатта болуы тиіс. Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясат жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының, Ұлттық жоғары білім біліктілігі кестесінің талаптары мен ұстанымдарын, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына (лицензиялау) іске асыруға бағытталған.Сапаны қамтамасыз ету жүйесін реттеу қажеттілігі азаматтардың қолжетімді әрі сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қорғаумен шартталады.

Қазіргі уақытта тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және білім беру жүйесін тексеру парақтарын енгізу арқылы бақылау жүйесінен білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне көшу жүзеге асырылуда. Бұл орайда сапаны қамтамасыз етудің қолданыстағы ұлттық моделі ұйымдардың сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін сапаны қамтамасыз етудің келесі кезеңімен (деңгейімен) – сыртқы институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтумен жолымен тығыз байланыстырады, және де мұнда «таза парақтан» реттеу жаңа саясаты контексінде аккредиттеу агенттіктеріне қойылатын негізгі талап – егер ЖОО-да сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі құрылмаған болса және жұмыс істемесе, онда аккредиттеу агенттігі ЖОО-ға оң қорытынды бермеуі және оны аккредиттемеуі тиіс.

Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне ие болумен қатар, аккредиттеу агенттіктері осы құжатта сипатталған Сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін ескеруі тиіс, аккредиттеу агенттіктері ESG және тиісті нормативтік-құқықтық актілерде сипатталған Сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін назарға алуы тиіс, бұдан бөлек, ұжымда қалыптасқан академиялық мәдениет пен ғылыми адалдық мәдениетін қоса алғанда, сапалық мәдениетке баға беріледі.

7. <u>САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ, САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МОДЕЛІ, ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ</u>

Университет барлық мүдделі тараптардың үміт-мақсаттарын мүмкіндігінше қанағаттандыру үшін олардың қатысуымен (оларды тартып) өнімдер мен қызметтерді ұсыну сапасына назар аудару мақсатында ұйымдық құрылымды, саясатты, үдерістерді, рәсімдер мен ресурстарды мақұлдады әрі қабылдады.

Дулати университетінің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі дегеніміз – сапа мәдениетін дамытуға негізделген және өз миссиясын жүзеге асыруға бағытталған өзара байланысты және өзара әрекеттесетін саясаттардың, құндылықтар мен сапаны қамтамасыз ету қағидаттарының, стандарттардың, тетіктердің, құралдардың (индикаторлар мен критерийлер) және білім сапасын басқару әдістерінің жиынтығы.

Дулати университетінің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 34-тармағы талаптарына сәйкес Қазақстанның жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық моделіне сай әзірленді. Сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізіне келесі құжаттар салынды:

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «білім беру сапасын қамтамасыз етудегі негізгі рөл жоғары оқу орындарының өздеріне, ішкі бағалаудың сыртқы бағалау стандарттарына сәйкестігіне беріледі» - делінген ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

– Білім деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ 2022 жылғы 23 маусымдағы №292 бұйрығымен бекітілген);

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесін тексеру парақтарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы);

- Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар (The Standards and guiedlines for quality assurance in The European Higher Education Area – ESG);

- EQAVET (кәсіптік білім беру және оқыту үшін еуропалық сапаны қамтамасыз ету жүйесі);

- Халықаралық мектептер кеңесінің (CIS) ұсыным-кеңестері;

- Білім беру инспекциясының шеңбері (Education Inspection framework – EIF);

- ECTSGUIDE – Сынақ бірліктерін аудару және жинақтау жүйесін (ECTS) қолдану жөніндегі нұсқаулық.

Университеттің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің білім беру үдерісінің сапасын одан әрі арттыру бағытындағы жұмысының мазмұнын, технологияларын, әдістері мен құралдарын айқындайтын әзірленген нормативтік-әдістемелік құжаттар кешеніне негізделген және университетте барлық үдерістерді үнемі жетілдіріп отырудың негізі болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің элементтері: ұйымдастырушылық құрылым, функционалдық міндеттер, деректерді басқару, үдерістер, ресурстар, тұтынушылардың қанағаттануы, үздіксіз жетілдіру, өнім сапасы, қолдау, тұрақтылық, ашықтық және аудит, түзету және алдын алу әрекеттері, сапаны бақылау және т. б.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру келесі кезеңдерді қамтиды: сапаны ішкі қамтамасыз ету қажеттілігін түсіну, Сапа тұжырымдамасын әзірлеу, ішкі сапа мәдениетін қалыптастыру, сапаны қамтамасыз ету менеджментін анықтау, Сапаны қамтамасыз ету саясатын әзірлеу, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамыту.

7.1 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі

Университеттің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі мыналарды қамтиды:

- ЖЖОКБҰ-*ның Сапа тұжырымдамасы және сапаны қамтамасыз ету әдіснамасы, академиялық құндылықтар, сапаны қамтамасыз ету қағидаттары, сапа мәдениетін, оның*

ішінде академиялық мәдениет пен ғылыми адалдық мәдениетін дамыту мен кейіннен ұжымдағы сапа мәдениетін мониторингілеу және бағалау;

- сапаны ішкі қамтамасыз ету *саясаты мен стандарттары*;

- сандық және сапалық индикаторлар, критерийлер, көрсеткіштер, басқару (әкімшілік) процестері мен көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жауапкершілікті бөлу, сондай-ақ, нәтижелерді бақылау және сәйкессіздіктерді анықтау арқылы жоғары оқу орнының академиялық беделінің деңгейін анықтау, бұл ішкі сапа қамтамасыз ету жүйесіндегі академиялық сапа (QA) көрсеткішінің негізгі индикаторы болып табылады, оның аясында қоғам және барлық тұтынушылар жоғары оқу орнының сапасын қол жеткізілген жетістіктер, артықшылықтар мен кемшіліктер негізінде қабылдайды.

1-сурет. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі

7.2 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары

Дулати университеті қызметінің маңызды қағидаттары білімнің іргелі әрі сапалы болуы, білім мен ғылымның үздіксіздігі мен сабақтастығы, қоғам мен мемлекетке пайдалылығы, қазақстандық және әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу болып табылады.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесі келесі қағидаттарға негізделген:

- Университет өзі ұсынатын білім беру сапасы мен оны қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікті көтереді;

- Университет студенттердің, стейкхолдерлер мен қоғамның қажеттіліктері мен үміттерін назарға алады;

- Университет академиялық адалдық пен еркіндікті, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне төзбеушілікті қолдауды ескере отырып, басшылықты жүзеге асырады;

- Университет өз миссиясы мен пайымына сәйкес мүдделі тұлғалардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қажеттіліктерін қанағаттандыру, теңгерімді нәтижелерді жоспарлау мен оларға қол жеткізуді жүзеге асырады;

- Университет үдерістер мен инновацияларды жобалау мен әзірлеуді тұтынушылардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіну мен болжауды ескере отырып жүргізеді;

- Университет басқаруды деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқарушылық шешімдер қабылдау қағидатына сүйене отырып, құрылымдық және стратегиялық үйлестірілген үдерістер арқылы жүзеге асырады;
- Университет процестер, сапа және стандарттар үшін жауапкершіліктің нақты анықтамасын іске асырады;
- Университет сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіруді және сапа мәдениетін дамытуды жүзеге асырады;
- Университет сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылауды, сондай-ақ бағалауды қолдануды іске асырады;
- Университет мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Басқаша айтқанда, Дулати университеті өзінің барлық мүдделі тараптарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Университеттің міндеті – олардан университеттің білім беру жүйесіне қойылатын белгілі бір талаптарды алып, сол талаптарды білім беру қызметінің нақты мақсаттары мен міндеттеріне айналдыру.

7.3 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі құндылықтары

Университеттің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі: ұйымдастырушылық және жеке тұлғалық оқыту, жедел әрекет ету, болашаққа бағдарлану, инновацияларды басқару, қоғамдық жауапкершілік және азаматтық ұстаным, нақты басқару, нәтижелерге және құндылықты, жүйелілікті қалыптастыруға бағытталу сияқты негізгі құндылықтарға негізделген.

7.4 Сапаны қамтамасыз ету әдіснамасы

Университеттің Сапа тұжырымдамасының негізін ESG стандарттарының талабы құрайды – сапаны қамтамасыз ету және арттыру университет басшылығы мен қызметкерлерінің және білім алушыларының ортақ жауапкершілігі болып табылады. Басқарма Төрағасы – Ректор университетке жалпы басшылықты жүзеге асырып, білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді, даму бағдарламасын/ стратегиясын әзірлеу мен университет қызметінің заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесі негізгі мақсатқа – сапаны арттыруға қол жеткізуге арналған құралдар мен шарттардың бірі болып табылады және білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің іс-әрекеттері мен басқарушылық шешімдерін үйлестірудің жоғары деңгейі, қызметтер мен өкілеттіктерді оңтайлы бөлу, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде орын алып жатқан байланыстардың, қатынастардың және үдерістердің алуан түрін есепке алу есебінен қамтамасыз етіледі.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесі менеджментінің техникалық (деректер) және әлеуметтік (адамдар) жақтары бар. Университетте сапаны жүйелі түрде жақсартудың ең танымал әдісі – PDCA (Жоспарла – Жаса – Әрекет ет – Тексер) циклі қолданылады Ол дұрыс деректерге негізделген және оны әрбір деңгей мен әрбір үдерісте қолдануға болады. Мұнда тексеру тек нәтижелердің «жоспарлауға» сәйкес келетінін білу үшін не «жасалатынын» өлшеп қана қоймайды, сонымен қатар ол тексеру нәтижелеріне сүйене отырып, жақсарту әрекеттерін іске асырады.

8. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, САПА МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ БАСҚАРУ

Сапаны қамтамасыз ету саясаты Дулати университетінің жалпы саясаты мен даму стратегиясының бөлігі болып табылады және басшылықтың жауапкершілікті мойындауы мен оның сапа мәселелеріндегі міндеттемелерін қамтиды. Білім беру сапасы саласындағы

саясат тиісті басқарма арқылы Дулати университеті қызметінің бағыттары бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлау сапасына кепілдік беру тетіктерін құруға және дамытуға бағытталған.

Саясат Еуропалық қауымдастықтың Стандарттары мен Директиваларының, жоғары білім берудегі сапа кепілдігі (ENQA), Білім деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы), ЖЖОКБҰ тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (ҒЖБМ 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және ҰЭМ 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы) талаптарына сәйкес әзірленді.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты жоғары басшылық ұйымның қызметін жақсарту, білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің нәтижелілігін жақсарту мақсатында оны басқару құралы ретінде пайдаланады, сапа саласында мақсаттар қою үшін негіз жасайды. Сапа саясаты еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз етуге арналған Стандарттар мен Нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес келу міндеттемесін қамтиды.

Сапа мәдениеті деген – білім сапасы туралы сенімдер мен құндылықтар жүйесі, оны ұжымдағы әр адам, яғни ұжымның сапаны қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі өз міндеттемелерін білетін барлық өкілдері ұстанады. Сапа мәдениеті дегеніміз – сапаны үнемі жақсартуға ұжымдық сипатта ұмтылатын ұйымдастырушылық мәдениеттің негізгі аспектілерінің бірі. Университеттің сапа мәдениетінің негізін сапалы контент, сапалы персонал, сапалы контингент, сапалы инфрақұрылым құрайды. Академиялық мәдениет пен ғылыми адалдық мәдениеті де жоғары оқу орнының сапа мәдениетінің құрамдас бөліктері болып табылады.

Сапа мәдениеті академиялық адалдық пен академиялық беделге негізделеді және қызметкерлер мен білім алушылардың жоғары сапаға жету жолдарын анықтауы мен түсінуін, сапаны басқаруға болатындығын айқын пайымдауын және осы үдерістің тетіктерін белгілеуін көздейді.

Сапа мәдениеті университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген критерийлер, стратегиялық көрсеткіштер, операциялық жоспарлардың көрсеткіштері арқылы сапаның артуын өлшеу, анықтау, бағалау құралдарын қолдану негізінде, сондай-ақ қызметкерлер мен білім алушылардың өз міндеттемелері, жауапкершілігі, қатысуы, хабардарлығы негізінде сапаға бейілділігі арқылы өлшенеді.

Дулати университеті өзі құрған сапа кепілдігі жүйесінің тиімділігін бақылайтын рәсімдер мен тетіктер «Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі» құжатында сипатталған және соған сәйкес жүзеге асырылады.

8.1 Сапаны қамтамасыз етуді басқару

Сапаны қамтамасыз ету көпсатылы болып табылады және тұтынушылардың үміттері сапалы да, сандық та болуы мүмкін, осыған сәйкес университетт Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде қабылданған ESG Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулары негізінде әзірленген сапаны қамтамасыз ету стандарттары қолданылады.

Қабылданған стандарттар университет пен оның қызметкерлері өздерінің мүдделі тараптарының қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру мақсатында материалдарды, өнімдерді, қызметтерді, технологияларды, үдерістер мен жүйелерді қалай дамытып, басқаруы керектігінің сипаттамасы болып табылады. Стандарттар белгілі бір қызметтің қандайда да бір сапалы нәтижесіне қол жеткізілуі тиістігін анықтайды. Университет стандарттарға сай болу үшін үдерістер мен рәсімдерді қалай орындау керектігін түсіндіретін Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі тұжырымдамасының 9-ші бөлімі болып табылатын Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің стандарттарында қарастырды.

Өнімділікті өлшеу үшін университеттің стандарттарға немесе қойылған мақсаттарға қалай қол жеткізгенін немесе сәйкес келетінін бағалайтын индикаторлар (критерийлер мен көрсеткіштер) қолданылады.

Сандық индикаторлар мөлшерді өлшеу арқылы анықталады және сандық көрсеткіштер арқылы көрініс табады. Олар санды тағайындау арқылы мән немесе құндылық береді. Сонымен қатар сабақ беру мен оқытудың сапасын анықтауда сандық индикаторлар сапалық көрсеткіштермен қатар қолданылады. Сапа индикаторлары сипаттамаларға негізделген бақылаулар ретінде белгіленген. Оларға сапаға негізделген салыстырулар немесе сандық емес деректер кіреді, мұндай өнімділік көрсеткіштері сапа мен әсерге қатысты күрделі үдерістер мен нәтижелерді өлшейді. Университетте олар көп жағдайда орындалу нәтижелерінің көрсеткіштері ретінде қолданылады. Сапалық индикаторлар келісу және ақылдастық мәжілістерде немесе жақсарту жөніндегі қызметті бақылау барысында пайдаланылады.

Дулати Университеті өзінің сапаны қамтамасыз ету қызметіндегі басқару құралы ретінде мүдделі тараптардың сұранысы бойынша есеп беретін ішкі немесе сыртқы аудиторлар жүзеге асыратын бекітілген сапаны жүйелі әрі объективті бағалаудың (ЖОО-ның ІНҚ-да қабылданған көрсеткіштер немесе критерийлер) жоспарланған үдерісінен тұратын аудитті қабылдады. Аудиттер процестердің объективті дәлелдерін растау, процестердің қаншалықты сәтті жүзеге асырылғанын өлшеу, кез келген белгілі бір стандартты немесе жоспарланған деңгейге жетудің тиімділігін бағалау және проблемалық салаларды азайту мен жоюға қатысты дәлелдер беру үшін қолданылады. Сапаны қамтамасыз етудің тағы бір құралы – бағалау және өзін-өзі бағалау. Университет өзі құрған сапа кепілдігі жүйесінің тиімділігін бақылайтын рәсімдер мен тетіктер УСТ, «Сапа жөнінде жетекшілік», «Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы» құжаттарында сипатталған және осы құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Дулати университетінде білім сапасы ең жоғары құндылық болып табылады және білім беруді дамыту мақсаттарын айқындайды. Осыған байланысты мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жүйесін дамыту және жетілдіру университетті жалпы басқару тиімділігін арттырудың аса маңызды стратегиялық міндеті болып табылады және барлық негізгі үдерістерді: оқу-тәрбие үдерісін, әдістемелік жұмысты, ғылыми-зерттеу және қаржы-шаруашылық қызметті, сондай-ақ басқару үдерістерін қамтиды.

Осы Тұжырымдама университеттің даму бағдарламасын орындау жолымен іске асырылады. Тұжырымдаманы іске асыру бірнеше іс-шараны орындауды қамтиды

- ұйымдастыру кезеңі – 2024-2025 жж. ішінде жүзеге асырылады, қажетті құжаттаманы әзірлеуді және сапаны қамтамасыз етудің заманауи әдістерін үйретуді қамтиды;
- даму бағдарламасын, стратегиялық мақсаттарды, миссиялар мен көзқарасты, сапа саласындағы саясатты өзектілендіру,
- сапаны ішкі қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру,
- білім беру үдерісінің сапасын басқару жөніндегі ұйымдық құрылымды құру, білім беру сапасының кепілдігін қолдау жөніндегі құрылымдық бөлімшелер мен негізгі тұлғалардың нақты міндеттерін айқындау, студенттерді сапа кепілдігін қамтамасыз ету үдерісіне белсенді түрде тарту;
- келешекті инновациялық білім беру бағдарламалары мен технологияларын, оқыту және білім беру үдерісін бақылау әдістерін әзірлеу және енгізу;
- білім беру бағдарламаларын сапалы әзірлеу, жаңарту, кезеңдік бағалау, іске асыру рәсімдеріне мониторинг жүйесін құру,
- студенттердің білім деңгейінің көрсеткіштері мен критерийлерін бағалаудың тиімді әдістемесін құру,
- ОПҚ шетелдік және отандық алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда, компаниялар мен фирмаларда біліктілігін арттыру, ғылыми тағылымдамадан өткізу;

- университеттің білім беру сапасының кепілдігін қамтамасыз ету үшін оқытушылар мен персоналдың құзыреттілігін бағалау тетіктері мен критерийлерін үнемі жетілдіріп отыру;
- инновациялық жобаларды орындау, сұранысқа ие ғылыми өнімдерді жасау, заманауи оқулықтарды, оқу құралдарын, оның ішінде электрондық форматта, дайындау және басып шығару;
- студенттерді оқыту және қолдау ресурстары жүйесін дамыту, студенттердің жатақханалардағы тұрмысы мен өмір сүру жағдайларын жақсарту, бос уақытын мәдени тұрғыда жетілдіру және тұлғаның шығармашылық дамуы үшін мүмкіндіктер беру;
- қызметтің барлық аспектілерін (үлгерім деңгейі, еңбек нарығындағы түлектерге сұраныс, студенттердің, оқытушылар мен қызметкерлердің білім беру үдерісіне қанағаттанушылығы, оқытудың тиімділігі, қолжетімді оқыту ресурстары, ЖЖОКБҰ қызметінің негізгі көрсеткіштері, ЖЖОКБҰ-ның негізгі құжаттары, оның ішінде білім берудің сапасын басқару жөніндегі құжаттарын) қамтитын ақпараттық жүйелерді, бағдарламалық жасақтамаларды әзірлеу және енгізу;
- білім беру сапасының деңгейін бағалау процестерін, объективті критерийлері мен көрсеткіштерін, тиісті рәсімдерін және оны арттырып, сәйкессіздіктерді жою үшін қажетті түзету шараларын енгізу тетіктерін әзірлеу;
- жалпы табыстың әрбір қызметкердің жеке үлесіне тәуелділігін түсінуге және әрбір қызметкердің Саясатты орындаудағы өз рөлін түсінуіне негізделген шоғырландырылған еңбекке қызметкерлерді тарту арқылы білім беру қызметінің сапасын үздіксіз арттыру;
- ЖЖОКБҰ-ның ашықтығын қамтамасыз ету, жұртшылыққа өз қызметі туралы ақпарат беру тетіктері мен рәсімдерін қолдау;
- оқу үдерісіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу жұмыстарын жалғастыру.

Келесі кезең – аудит жүргізу, сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен жаңа әзірленген/өзектендірілген құжаттарды енгізу дәрежесін тексеру, кейіннен талдау және түзету іс-шараларын іске асыру – 2025 жылғы қаңтар айынан оқу жылының соңына дейінгі кезеңге есептелген және өзгеретін талаптарға сәйкес құжаттаманы одан әрі өзектендіруді әрі, қажет болған жағдайда, қосымша құжаттарды әзірлеуді көздейді.

Үшінші кезең – 2025-2026 жж. – үнемі жетілуді және түрлі сыртқы бағалаулардан өтуді (әлемдік және ұлттық рейтингтерге қатысу, институционалдық немесе бағдарламалық аккредиттеу рәсімінен, басқа да түрлі тексерулерден өтуді) көздейді.

9. САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ СТАНДАРТТАРЫ

9.1 Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

Стандарт

Білім беру ұйымдарының сапаны қамтамасыз ету үшін жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджмент бөлігін құрайтын саясаты болуы тиіс. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен тиісті құрылымдар мен процестердің көмегімен әзірлеуі және жүзеге асыруы тиіс.

9.1.1 Дулати университетінің сапаны қамтамасыз ету саясаты университеттің миссиясы мен даму бағдарламасына сәйкес әзірленді және оның индикаторлары мен көрсеткіштерін іске асыруға бағытталған. Сапа саясаты Дулати университетінің Даму стратегиясының ажырамас элементі әрі оның қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

Дулати университеті дәстүрлерді, құндылықтарды, мінез-құлық бейнесін және біртұтас мүдделерді қамтитын корпоративтік мәдениет пен сапа мәдениетін құру жөніндегі жүйелі жұмыс арқылы ұйымдастырушылық мәдениетке негізделген және онымен бірге сапа мәдениетін қалыптастырады.

Дулати университеті сапа саласындағы саясатында оқу орнының тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оның білім беруде, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-талдау қызметінде, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени салада және ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерінде бәсекелестік артықшылықтарды нығайтуды **стратегиялық мақсат** етеді.

Ұлттық және аймақтық мақсаттарға, Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған жаһандық міндеттерге сәйкес Дулати университеті білім беру үдерісінде төмендегі **бағыттарға басымдық** береді:

- басқарудағы процестік тәсіл;
- үздіксіз оқыту мен өмір бойы білім алу;
- жалпы цифрландыру;
- жаппай ашық онлайн курстарды дамыту;
- жасанды интеллектті дамыту;
- белсенді жобалық жұмыспен айналысу;
- agile және scrum технологияларын қолдану;
- адаптивті және пәнаралық оқыту;
- деректерді басқару және аналитикалық платформалар құру;
- инновациялық ғылыми экожүйені дамыту;
- кәсіпкерліктің экожүйесін құру.

Дулати университетінің осы сапа саясатын жүзеге асыруда көшбасшы болып табылатын жоғары басшылығы мәлімделген сапа саясатына қол жеткізуде корпоративтік жауапкершілікті мойнына алады.

Университет өзінің барлық деңгейлеріндегі қызметті жоспарлау мен бағалау, стратегиялық және операциялық сипаттағы индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізуді бақылау және барлық стейкхолдерлердің сұраныстарын білім беру үдерісінің сапасымен қанағаттандыру және оны тұрақты негізде жақсарту мақсатында тәуекелдерге уақтылы ден қою арқылы сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Университетте қашықтықтан оқытуды, бейресми оқытуды, сондай-ақ осындай оқытудың нәтижелерін тану рәсімдерін қоса алғанда, оқытудың инновациялық технологиялары сапасын қамтамасыз етудің ішкі бағалау рәсімдері мен құралдары бар.

Университет оқу және оқытушылық қызметке арналған материалдық (кітапхана, зертханалық жабдық, ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым), қаржылық (қаржыландыру көлемі) және адами (оқытушылар, тьюторлар, эдвайзерлер және т.б.) ресурстардың жеткіліктілігін анықтау үшін білім беру ортасын тұрақты бағалауды жүргізеді.

Университетте сапа мәдениетінің ішкі мониторингі мен бағалауын жүзеге асыру ЖОО-ның оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Университеттің сыртқы стейкхолдерлері мен жұмыс берушілері, практика базаларының өкілдері, тәжірибе жүргізуші оқытушылар болып табылатын серіктестері университеттің алқалы органдарының жұмысына, рецензенттер, қазылар алқасының мүшелері, сарапшылар және т. б. ретінде қорытынды аттестаттаудағы комиссиялардың құрамында білім беру сапасын мерзімді бағалауға қатысу арқылы білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын қамтамасыз ету үдерістеріне тартылады.

Университет білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының: білім алушылар, ОПҚ, зерттеушілер және т.б. жауапкершілігі арқылы академиялық және зерттеу адалдығын қамтамасыз ету үшін тиімді орта қалыптастырады.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін енгізуді, білім беру сапасын қамтамасыз етудің ЖОО ішілік жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар кешенін жоспарлауды және іске асыруды аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі қамтамасыз етеді.

Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің стандарттарына

сәйкестігін үйлестіруді және мониторингті/аудитті қамтамасыз ететін университеттің негізгі бөлімшесі болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің алқалық басқармасының (Сапа, стратегиялық және халықаралық даму комитеті) шешімімен бекітіледі және университет сайтында жарияланып, көпшілікке қолжетімді болады.

9.2 Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту

Стандарт

Оқу орындарында өз бағдарламаларын әзірлеу және бекіту процедуралары болуы керек. Бағдарламалар күтілетін оқу нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленуі тиіс. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынған біліктілік айқын анықталып, түсіндірілуі тиіс және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкес келуі керек.

9.2.1 Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімдерін белгілейді. Бекіту рәсімдері М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің академиялық саясаты, Білім беру бағдарламаларын жобалау және жаңарту туралы ережелері негізінде жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары Еуропалық біліктілік шеңберінің дескрипторлары, Ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңберлері, тиісті кәсіптік стандарттар негізінде және ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып қалыптастырылған оқытудың күтілетін нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді.

9.2.2 Университет ҚР МЖМС талаптары, кәсіби стандарттар, Дулати университетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы» негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және үздік тәжірибенің мысалын қамтамасыз етеді.

9.2.3 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде Университет төменде аталғандарды ескереді:

1) «Дулати университетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы»мен білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкестігін;

2) оқытудың нақты белгіленген күтілетін нәтижелерінің болуын;

3) сыртқы сараптамалар жүргізуді және анықтамалық-ақпараттық ресурстардың болуын;

4) бағдарламаны игеру барысында білім алушының тұрақты кедергісіз ілгерілеуін;

5) білім алушылардың болжамды жүктемесін айқындауды;

6) білім алушыға практикадан және тағылымдамадан өту үшін мүмкіндік берілуін;

7) білім беру бағдарламасын ресми бекіту үдерісін.

9.2.4 Білім беру бағдарламаларын құрамына тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілердің өкілдері, білім алушылар мен түлектер кіретін ББ деңгейінде құрылған академиялық комитеттер әзірлейді.

9.2.5 Білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контекстінде әзірленеді және құзыреттер түрінде көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарланады.

9.2.6 Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу неғұрлым талап етілетін құзыреттерді ескере отырып, пәнаралық сипаттағы модульдер мен пәндердің, негізгі білім беру бағдарламасының (Major) және қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) үлесін ұлғайту жүргізіледі.

9.2.7 Білім беру бағдарламалары модульдік принцип бойынша қалыптастырылады.

9.2.8 Білім беру бағдарламасын әзірлеу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) кәсіптік стандарттың және/немесе зерттеулердің мазмұны, жұмыс берушілердің талаптары негізінде бітірушінің құзыреттерінің картасын айқындау;

2) жалпы бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін тұжырымдау;

3) студентке бағдарланған оқыту шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологиялары негізінде оқыту стратегияларын айқындау;

4) қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) тізбесін айқындау;

5) тұтынушылардың сауалдарын ескере отырып, бір бағдарлама шеңберінде мүмкін болатын білім беру траекторияларын белгілеу.

9.2.9 Оқытудың күтілетін нәтижелерін анықтау және білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсынымдар ескеріледі.

9.2.10 Білім беру бағдарламаларының сыртқы сараптамасын құрамына жұмыс берушілер мен білім алушылардың өкілдері кіретін сараптама тобы жүргізеді.

9.2.11 Сараптама тобының қорытындысы негізінде білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесінің отырысында қаралып, Ғылыми кеңес отырысына бекітілуге ұсынады.

9.2.12 Келісу мен бекітудің барлық кезеңдерінен өткеннен кейін білім беру бағдарламасы оқу үдерісіне енгізіледі.

9.2.13 Білім беру бағдарламасының әдістемелік мазмұны элективті пәндер каталогын, практика бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелерді қамтиды.

9.2.14 Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық кредиттермен, яғни оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын өлшеу бірліктерімен белгіленеді.

9.2.15 Оқу пәндері мен академиялық кредиттердің саны оқу жұмыс жоспарларында және жеке оқу жоспарларында көрсетіледі.

9.2.16 Білім алушылардың оқу жүктемесі аудиториялық сабақтарды және білім алушылардың өзіндік жұмысын дайындау мен тапсыруды, аралық аттестаттауды қамтиды.

9.2.17 Университет білім беру траекторияларын қалыптастырудың, білімді бағалаудың, академиялық жетістіктерді есепке алудың нақты реттелген рәсімдері арқылы бағдарламаны игеру барысында білім алушының тұрақты әрі кедергісіз ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

9.2.18 Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған біліктілік еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келетін жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік шеңберіне сай нақты анықталған.

9.2.19 Оқу аяқталғаннан кейін Дулати университеті түлектерге жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМС сәйкес тиісті дәреже береді.

9.3 Стандарт 3. Студенттерге бағытталған білім беру, оқыту және бағалау

Стандарт

Оқу орындары студенттерді оқу үдерісін бірлесіп құруда белсенді рөл атқаруға ынталандыратын білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етуі тиіс, ал студенттердің үлгерімін бағалауда осы тәсіл көрініс табуы керек.

9.3.1 Университет білім алушыларға бағдарланған оқыту және бағалау үдерістерін іске асырады; оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың

оқу үдерісіне ынтасы мен қызығушылығын арттыру үшін жағдайлар жасайды; оқыту нәтижелерін бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

9.3.2 Университет білім алушылардың дербестігін дамытуға жағдай жасайды:

1) білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен оқытудың күтілетін нәтижелерін қалыптастырады;

2) оқытудың белсенді әдістерін енгізеді;

3) тұлғаға бағдарланған тәсілді дамытады;

4) оқытудың жеке траекториясын қалыптастырады;

5) білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тартады;

6) білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін күшейтеді;

7) зерттеу тәсілін қолданып, оны оқыту үдерісіне кіріктіреді;

8) білім алушылар мен оқытушылар арасында өзара сыйластық қатынастарын қалыптастырады;

9) білім алушылардың шағымдарын қарау рәсімдерін түзеді;

10) білім алушылардың өзін-өзі басқаруының рөлін күшейтеді;

11) оқу үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

9.3.3 Білім беру бағдарламалары білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді тартуға және оның дербестігі мен оқу нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған оқытудың заманауи әрі тиімді әдістерін пайдалана отырып іске асырылады.

9.3.4 Университет білім алушыларға оқытудың жеке траекториясын таңдау үшін жағдай жасайды, атап айтқанда: таңдау бойынша компонент пәндерін, оқытушылар мен оқыту технологиясын таңдауға; таңдау пәндеріне электрондық тіркеуден өтуге мүмкіндік береді; ЖОЖ қалыптастырады; пәндерді қайта оқу немесе оқытудың қосымша түрлерін игеру үшін жазғы семестрді ұйымдастырады.

9.3.5 Оқытушы мен білім алушының өзара сыйластық мәселелері Әдеп кодексінің нормаларымен реттеледі.

9.3.6 Эдвайзерлер білім алушыларды Академиялық саясатпен, «Академиялық адалдық» кодексімен, білім алушылардың анықтамалық-рефералдық ұсынымдарымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

9.3.7 Бақылаудың барлық түрлерін бағалау өлшемшарттары мен әдістері «Platonus» ААЖ орналастырылатын пәндердің силлабустарында көрсетілген.

9.3.8 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі мынадай тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

1) бағалау материалдары тиісті мамандардың алдын ала сараптамасынан өтеді;

2) компьютерлік тестілеу нысанындағы емтихандар прокторинг жүйесін қолдана отырып қабылданады, жазбаша, ауызша және басқа нысандардағы емтихандарды комиссиялар қабылдайды, жазбаша жұмыстар плагиатқа қарсы тексеруден өтеді;

3) білімді бағалау нәтижелері электрондық жүйелерде тіркеледі және бағалау жүргізілген күні білім алушылар үшін қолжетімді болады;

4) оқытушылар мен білім алушылардың арасында академиялық үлгерім мәселелері бойынша тұрақты кері байланыс қамтамасыз етіледі;

5) бағалаудың барлық түрлері үшін апелляция рәсімі, сондай-ақ дәлелді себептер болған кезде аралық бақылаулардан өтудің және емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері көзделген.

9.3.9 Академиялық адалдық қағидаттары, университет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдықты бұзу түрлері және олар жасалған жағдайда әкімшілік шараларды қабылдау тәртібі Дулати университетінің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген.

9.3.10 Университет эдвайзерлер, факультет декандары, департаменттер, проректорлар, Басқарма төрағасы – Ректор деңгейінде білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Университет сайтында https://dulaty.kz/rectors-blog ректордың

блогы ашылды. Ректордың, факультет декандарының (ай сайын) және кафедра меңгерушісінің (апта сайын), эдвайзерлердің білім алушы жастардың өзекті мәселелері бойынша студенттермен кездесулері мезгіл-мезгіл ұйымдастырылады.

9.4 Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау

Стандарт

Оқу орындары студенттердің «өмірлік циклінің» барлық кезеңдерін, яғни қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттауды қамтитын алдын-ала анықталған және жарияланған ережелерді біркелкі қолдануы тиіс.

9.4.1 Университет сауалнаманы және зерттеудің өзге де түрлерін жүргізу, білім алушыларды қабылдау және шығару, жоғары білім беру дәрежелерін, оқыту кезеңдерін, алдыңғы алған білімін, бейресми оқытуды объективті тану арқылы оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізу рәсімдерін белгілейді, жариялайды және дәйекті түрде қолданады.

9.4.2 Университетке қабылдау Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ қабылдау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

9.4.3 Бакалавриаттың білім беру бағдарламасына түсу үшін орта мектепті, колледжді немесе ЖОО-ны бітіргені туралы құжаттың болуы, Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификаттың немесе түсу емтиханын тапсыру нәтижелерінің болуы, білім беру гранты иегері куәлігінің немесе кемінде 50 баллды (ал «педагогикалық ғылымдар» және «құқық» білім беру салалары бойынша – кемінде 75 баллды) құрайтын өту баллының болуы қажет.

9.4.4 Магистратураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары білім туралы құжаттың, шет тілі бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың (бар болса) болуы қажет. Магистратураға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

9.4.5 Докторантураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың, шет тілін тапсыру туралы сертификаттың, болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшімен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесінің, сондай-ақ кемінде бір жыл жұмыс өтілінің болуы қажет. Докторантураға қабылдау мамандық бойынша түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

9.4.6 Университет академиялық кезеңнің басында Басқарма мүшелері – проректорлардың, факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің, эдвайзерлердің оқуға қабылданған білім алушылармен міндетті кездесулері аясында оларды білім беру бағдарламасымен, оқыту шарттарымен және академиялық мансаптың қолда бар мүмкіндіктерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

9.4.7 Университет кәсіптік бағдар беру жұмысы мен контингентті қалыптастырудан бастап аралық және қорытынды аттестаттауды, сапаны бақылауды, кәсіптік практиканы және түлектерді жұмысқа орналастыруды қоса алғанда, оқу үдерісін ұйымдастыруға, білімді бағалауға дейінгі білім беру үдерісінің барлық кезеңдерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді әрі қолдайды.

9.4.8 Ішкі нормативтік құжаттарда қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру, сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы негізгі ережелер белгіленеді.

9.4.9 Білім алушылардың ішкі нормативтік құжаттармен реттелген академиялық жетістіктері туралы ақпаратты жинау мен мониторингілеу оқу үдерісін басқару жөніндегі «Platonus» ААЖ арқылы жүзеге асырылады және төменде аталғандарды қамтиды:

1) ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинау және мониторингілеу;

2) аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингілеу;

3) GPA деңгейі бойынша рейтинг;

4) студенттердің білім сапасына қанағаттануын мониторингілеу.

9.4.10 Бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, жоғары білім беру біліктілігін, оқыту кезеңдерін және алдыңғы білім беруді объективті тануға кепілдік беру үшін университет Қазақстан Республикасында тану және нострификациялау рәсімі бойынша атқарушы орган болып табылатын ҚР ҒЖБМ Болон процесі және жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығымен ынтымақтастық жүргізеді.

9.4.11 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымша (транскрипт) қоса берілген «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ өз үлгісіндегі дипломы беріледі.

9.4.12 Пәндерді ауыстыру мен қалпына келтірудің, іріктеудің, оқыту нәтижелерін бағалау мен танудың негізгі қағидалары «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ-ның Академиялық саясатында және Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану қағидаларында белгіленген.

9.5 Стандарт 5. Профессорлық - оқытушы құрамы

Стандарт

Оқу орындары өз оқытушыларының құзыреттілігіне сенімді болуы тиіс. Олар өз қызметкерлерін жалдау және кәсіби тұрғыда өсуін дамыту барысында әділ және ашық процестерді қолдануы керек.

9.5.1 Сапалы оқытуды қамтамасыз етудегі және білім алушылардың білім, білік, дағды мен құзыреттіліктерді игеруіндегі негізгі тұлға оқытушы болып табылады. Университет меритократия қағидатына сай барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, кәсіби өсірудің және дамытудың ашық рәсімдерін белгілейді, жариялайды әрі қолданады.

9.5.2 Университет өз қызметкерлерінің сапасына және олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін жауапты болып табылады.

9.5.3 ОПҚ және қызметкерлерді дамыту мақсатында Университет персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқарудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын біріктіретін және персоналды басқару саласындағы университеттің бірыңғай тәсілі мен құндылықтар жүйесінің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

9.5.4 Университет оқытушыларының өз әлеуетін дамыту жөніндегі қызметі студенттерге бағытталған оқытуға көшуге сәйкес өз рөлін өзгертуге бағытталған.

Оқытудың маңыздылығын мойындай отырып, Дулати университеті қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, лауазымға тағайындаудың, бос лауазымдарға орналастырудың, қызмет бойынша жоғарылатудың, жұмыстан шығарудың айқын, ашық әрі объективті өлшемдерін әзірлейді және меритократия қағидатына сәйкес оларды өз қызметінде ұстанады.

9.5.5 Академиялық кадрларға сапалық және сандық мұқтаждық білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен анықталады.

9.5.6 Оқытушы-профессорлар құрамын қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

9.5.7 Бос лауазымдарға өтінімдерді қарауды әкімшілік-басқару персоналы мен ОПҚ қатарынан құралған конкурстық комиссия жүргізеді. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша еңбек шартын жасасу мүмкіндігі туралы ұсыныс жасалады.

9.5.8 Университет жыл сайын біліктілікті арттыру жоспарын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ете отырып, профессор-оқытушылар құрамының мансаптық өсуіне және кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Университет ОПҚ үшін үш жылда бір рет міндетті біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді.

9.5.9 Университет төменде аталғандар арқылы оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және оқытудың озық технологияларын қолдану үшін жағдай жасайды:

1) қазақстандық және шетелдік ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологиялар саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

2) семинарлар мен шеберлік сыныптар өткізу жолымен жаңа әдістер мен технологияларды енгізу тәжірибесін тарату;

3) оқу үдерісін заманауи жабдықтармен және бағдарламалық жасақтамалармен жарақтандыру;

4) инновацияларды қолдану мен оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігінің мониторингін жасау.

9.5.10 Білім беру мен ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты нығайту мақсатында Дулати университеті төменде аталған жолдармен ОПҚ-ның ғылыми қызметін көтермелейді:

1) ҚР ҚР ҒЖБМ-нан ОПҚ және білім алушылардың ғылыми жобаларына гранттық қаржыландыруды ұсыну;

2) ғылыми жобаларды іске асыру үшін ғылыми ұжымдар, оның ішінде республикалық ғылыми ұйымдармен (ҒЗИ) және шетелдік ғылым және білім беру ұйымдарымен бірлескен ұжымдар құру және олардың жұмыс істеуі;

3) тұрақты түрде ғылыми ақпарат беру;

4) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу;

5) халықаралық ғылыми деректер қорын, электрондық ғылыми басылымдарды пайдалануға мүмкіндік беру;

6) ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін жоспарлау және мониторингілеу.

9.6 Стандарт 6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі

Стандарт

Оқу орындарында оқыту мен оқытушылық қызмет үшін жеткілікті қаржыландыру болуы тиіс, барабар және оңай қол жетімді оқу ресурстары мен студенттерге қолдау көрсету тәсілдерін қамтамасыз етуі керек.

9.6.1 Университет жеткілікті, қолжетімді және мақсатқа сай оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді.

9.6.2 Оқу ресурстарын жоспарлау, бөлу және қамтамасыз ету барысында университет білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.

9.6.3 Университеттің 15 кешеннен тұратын инфрақұрылымы оқу аудиториялары мен зертханалары, компьютерлік сыныптары, спорт залы бар оқу корпустарын, медициналық пункт пен жатақханаларды қамтиды.

9.6.4 Академиялық қолдауды: қабылдау комиссиясы, академиялық мәселелер жөніндегі департамент, тіркеуші офисі, білім алушыларға қызмет көрсету секторы қамтамасыз етеді.

9.6.5 Білім алушыларды әлеуметтік қолдауды Тәрбие және әлеуметтік жұмыс басқармасы және жастар бөлімі, медициналық пункт қамтамасыз етеді.

9.6.6 Әрбір білім алушы бүкіл оқу кезеңі ішінде келесі аталған ақпараттық білім беру сайттарына шектеусіз жеке қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

1) университеттің ресми сайтына;

2) электрондық кітапханаға;

3) «Platonus» АЖЖ-дағы өз жеке кабинетіне.

9.6.7 Барлық білім алушыларға қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ мерзімді басылымдарды қамтитын кітапхананың кітап қорына қолжетімділік қамтамасыз етілген.

9.6.8 Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін университет электрондық кітапхананы қалыптастырады әрі қолдайды. Электрондық кітапханаға қашықтықтан қол жеткізу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

9.6.9 Университетте қашықтықтан оқыту технологиялары қолданылатын қашықтықтан оқыту жүйесі жұмыс істейді. Университет білім алушылар мен оқытушыларға орналасқан

жерінің кез келген нүктесінен және тәуліктің кез келген уақытында «Platonus» АЖЖ-на тіркелу арқылы жүйеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

9.6.10 Жүйеде білім алушыларға барлық оқылатын пәндер бойынша оқу материалдары, сондай-ақ академиялық күнтізбе, жеке оқу жоспары, оқу сабақтары мен емтихан сессиясының кестесі, оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері, оқу үдерісінің жаңалықтары қолжетімді.

9.6.11 Білім алушыларды қолдауды студенттердің өзін-өзі басқаруына жәрдемдесу және білім алушыларды университеттің қоғамдық-маңызды және шығармашылық өміріне тарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру, білім алушыларды Университет қабырғасында оқытудың барлық кезеңінде олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен кәсіби бейімделуіне жәрдемдесу негізгі міндеті болып табылатын жоғары курс студенттері қатарындағы эдвайзерлер, менторлар және тәрбие, әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты департаменті жүзеге асырады.

9.6.12 Университет студент жастардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін дамытуға, университет имиджін арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға, студенттердің бос уақытын ұйымдастыруға, олардың университет өміріне белсенді қатысуына жәрдемдесу арқылы студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді қолдайды және дамытуға ықпал етеді.

9.6.13 Резидент емес студенттер жатақханада тұру жағдайымен қамтамасыз етіледі. Жатақханаға орналастыру белгіленген санитарлық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі.

9.6.14 Университет студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді түрде қолдайды және оны дамытуға ықпал етеді.

9.6.15 Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және нығайту басымды бағыт болып табылады. Университет ОПҚ мен білім алушылардың спортпен белсенді шұғылдануына жағдай жасайды. Спорттық-сауықтыру секциялары жұмыс істейді, білім алушы спортшылардың республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуына қолдау көрсетіледі.

9.7 Стандарт 7. Ақпаратты басқару

Стандарт

Оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламаларын және басқа да қызмет бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинауды, талдауды және пайдалануды қамтамасыз етуі керек.

9.7.1 Сенімді ақпарат шешім қабылдау кезінде қажетті шарт болып табылады. Университет қызметінің барлық бағыттары бойынша өзінің бағдарламалары мен үдерістерін тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін анықтайды.

9.7.2 Университет ақпараттың дұрыстығын, дәлдігін, уақтылылығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.

9.7.3 Сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау үшін университет келесі әдістермен, ақпарат жинауды және талдауды ұйымдастырады:

1) ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және пайдалану;

2) мүдделі тараптардың қызмет нәтижелеріне қойылатын талаптарды айқындау;

3) университеттің білім беру қызметтеріне мүдделі тараптардың қанағаттануын бағалауды жүргізу;

4) университеттің сыртқы және ішкі ортасын талдау;

5) үдерістердің ішкі аудиттері.

9.7.4 Университет келесі ақпараттық жүйелер аясында ақпаратты басқаруды қамтамасыз етеді:

1) университеттің ресми сайты https://dulaty.kz/ru/;

2) оқу үдерісін басқарудың «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

3) университеттің электрондық кітапханасы;

4)«1С Бухгалтерия» бухгалтерлік есептің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

5) «Документолог» электрондық құжат айналымы жүйесі.

9.6.5 Университетте жүзеге асырылатын қызмет туралы ақпаратты жинау мен талдау және оны ЖОО-ны тиімді басқару үшін пайдалану әдістемесі бар және іс жүзінде іске асырылуда.

9.6.6 Университеттің ақпараттық ресурстары студенттердің білімін бағалау мониторингінің материалдарын, студенттердің, оқытушылар мен қызметкерлердің сауалнама материалдарын өңдеуге мүмкіндік береді.

9.6.7 Сапаның тиімді кепілдігінің бастапқы нүктесі университеттің өзін-өзі тексеруі болып табылады, оның нәтижелері ғылыми кеңесте талқыланады және нәтижесінде университеттің барлық үдерістерін жақсартудың тиімді шаралары қабылданады. Университет өз қызметі туралы ақпаратты жинау мен талдаудың жеткілікті құралдарына ие және өз қызметінің күшті және әлсіз жақтары мен инновацияларды енгізу нәтижелерін анықтай алады.

9.6.8 Университеттің сыртқы және ішкі ортасын жаһандық талдау университеттің стратегиялық даму жоспарын әзірлеу мен өзектілендіру шеңберінде жүргізіледі және білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері мен сыртқы сын-тегеуріндерді талдауды, тұтынушылар мен бәсекелестердің негізгі топтарын зерттеуді, еңбек нарығы мен білім беру қызметтерінің ерекшеліктерін анықтауды, сұранысқа ие параметрлердің үрдістерін талдауды, университеттің ағымдағы жай-күйін, оның күшті және әлсіз жақтарын, ішкі және сыртқы тәуекелдерін талдауды қамтиды.

9.6.9 Білім алушылар контингенті, білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелері туралы статистикалық және анықтамалық есептілікті жинау, мониторингілеу, талдау, ақпарат алмасу, білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы бұйрықтарды дайындауды Тіркеуші кеңсесі жүзеге асырады.

9.6.10 Жұмысқа орналастыру үдерісін талдау және мониторингілеу, түлектердің мансаптық өсуі туралы мәліметтер қорын қалыптастыруды Мансап және бизнес-серіктестік орталығы жүзеге асырады.

9.6.11 Негізгі мүдделі тараптардың мұқтаждықтары білім беру саласындағы сыртқы нормативтік құжаттаманы, бірлескен іс-шараларды (бұйрықтар, семинарлар, кездесулер, бірлескен жобалар және т.б.) өткізу барысындағы кері байланыс нәтижелерін, сауалнама нәтижелерін талдау жолымен айқындалады.

9.6.12 Мүдделі тараптардың қанағаттанушылығын бағалау жыл сайынғы жоспарлау және әлеуметтік зерттеулер жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1) оқу үдерісіне қанағаттанушылықты айқындау мақсатында білім алушылар мен ОПҚ-ға арналған сауалнама;

2) білім алушылар арасында университеттің білім беру қызметтеріне қанағаттанушылық туралы сауалнама;

3) ОПҚ және ӘБП қызметкерлерінің еңбек жағдайларына қанағаттанушылығы туралы сауалнама;

4) университеттегі әлеуметтік-климаттық жағдайларға қанағаттанушылықты анықтау мақсатында ОПҚ және ӘБП қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу;

5) түлектерді даярлау сапасына қанағаттанушылықты анықтау мақсатында жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу (түлектердің дағдылары, білімдері мен іскерліктері).

9.6.13 Тұтынушылық мониторинг барысында күтілетін сапаны және қанағаттанушылықты сенімді түрде өлшеуді қамтамасыз ететін әлеуметтанымдық әдістер қолданылады: құжаттарды талдау, білім беру үдерісіне қатысушылармен сұхбат, жаппай және сараптамалық сұрақ-жауаптар, сауалнама.

9.6.14 Әлеуметтанымдық зерттеу нәтижелері Басқарма мүшелерінің отырысында қаралып, түзету іс-шаралары туралы шешімдер қабылданады.

9.6.15 Университет басқарудың әртүрлі деңгейлері, құрылымдық бөлімшелер, ОПҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге қатысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың тиісті үдерістерін қолдануды қамтамасыз етеді. Ол үдерістерге сайтты және оның ақпараттық жүйелерін қолдау, электрондық поштаның жұмыс істеуі, «Platonus» АЖЖ жеке кабинеттерінде ақпаратты ұсыну, web-сауалнама жүйесі жатады.

9.6.16 Ақпаратты талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімшелер мен алқалық органдар отырыстарының хаттамаларында, сондай-ақ қызмет бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарларында тіркеледі.

9.6.17 Ақпараттың сақталуы пайдаланылатын ақпараттық жүйелердегі рөлдер мен функцияларды бір мәнді бөлумен, антивирустық бағдарламалардың болуымен, серверлерді жүйелік әкімшілендірумен, серверлердегі резервтік көшіру жүйесімен, серверлер тұратын жайға жеке тұлғалардың кіруін шектеумен, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін серверлер тұратын жайларды техникалық жабдықтаумен қамтамасыз етіледі.

9.6.18 Үдерістердің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және талдау сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нормативтік құжаттардың және тиісті стандарттардың талаптарына, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға, нәтижелілікке сәйкестігін белгілеу үшін тоқсанына бір рет ішкі аудит шеңберінде жүргізіледі, жұмыс жағдайында оған қолдау көрсетіледі және ол жетілдіріледі.

9.6.19 Білім алушылар барлық ресми өтініштерді университеттің электрондық поштасына жібере алады: info@dulaty.kz

9.8 Стандарт 8. Қоғамды ақпараттандыру

Стандарт

Оқу орындары өз қызметі туралы ақпаратты (бағдарламаларды қоса алғанда) жариялауы тиіс, ол анық, дәл, объективті, өзекті және оңай қолжетімді болуы тиіс.

9.8.1 Университет өз қызметі туралы, оның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ақпаратты жариялайды. Қоғамға ұсынылатын ақпарат анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.

9.8.2 Сапаға қатысты ақпараттандыру жүйелері мыналарды қамтиды:

1) студенттердің қызметі, студенттердің үлгерімі және үлгерім деңгейі;
2) еңбек нарығында түлектердің сұранысы;
3) студенттердің білім беру бағдарламаларына қанағаттанушылығы;
4) оқытудың тиімділігі;
5) студенттер құрамы;
6) оқу ресурстарының қолжетімділігі мен құны;
7) ЖОО қызметінің негізгі көрсеткіштері және т.б.

9.8.3. Университеттің ақпараттық саясаты:

- бұқаралық ақпарат құралдарында маңызды оқиғалар мен жетістіктер туралы жаңалықтардың тұрақты ақпараттық ағынын қамтамасыз ету;
- әлеуетті тұтынушылардың қызығушылығын жаңа бағдарламалар мен инновациялық әзірлемелерге тарту;
- елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдау және түсіндіру.

9.8.4 Ақпараттық саясатты іске асыруды және сайтты басқаруды Ақпарат және медиакоммуникация орталығы мен Жобалық басқару және Цифрландыру орталықтары жүзеге асырады.

9.8.5 Университет өз қызметі туралы қоғамды хабардар етуді: https://dulaty.kz/ru/ ресми сайты, жергілікті және республикалық БАҚ, «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілері және т. б. арқылы қамтамасыз етеді.

9.8.6 Университет сайтындағы ақпарат университеттің ақпараттық жүйелерінен келіп түседі, нақты уақыт режимінде жаңартылады және пайдаланушылар топтарына: талапкерлерге, білім алушыларға, академиялық құрамға, әкімшілік-басқару персоналына бағдарланған. Жарияланатын ақпарат түлектердің табыстары мен жұмысқа орналасуы, сондай-ақ қазіргі уақытта ЖОО-да оқитын білім алушылардың сипаттамасы туралы деректерді қамтиды.

9.8.7 Сайтты басқаруды университеттің Ақпарат және медиакоммуникация орталығы мен Жобалық басқару және Цифрландыру орталықтары жүзеге асырады.

9.8.8 Сайтты басқарудың тиімділігі іздеу жүйелерінің көрсеткіштерін және білім беру мекемелері сайттарының халықаралық рейтингтерін жүйелі мониторингілеу арқылы анықталады.

9.8.9 Ақпараттық саясат Басқарма төрағасы – Ректордың қоғамның, яғни студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер және басқа да мүдделі тұлғалардың алдында өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есебін қамтиды.

9.9 Стандарт 9. Бағдарламаларды тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау

Стандарт

Оқу орындары қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және студенттер мен университеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін бағдарламаларға мониторинг пен мерзімді шолу жүргізуі керек. Бұл шолудың нәтижелері бағдарламалардың үнемі жақсаруына әкелуі керек. Кез келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.

9.9.1 Қоғамдық білім беру үдерісінің сапасын бақылау жүйесі табысты жұмыс істейді, тиісті нормативтік құжаттар әзерленіп, іске асырылуда.

9.9.2 Білім беру сапасын мониторингтік зерттеудің кезеңділігі мен түрлері университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен белгіленеді, онда деректерді ұсыну көрсеткіштерінің тізбесі, мерзімдері, нысандары мен рәсімдері айқындалады, сондай-ақ ақпарат беруге жауапты тұлғалар тағайындалады.

9.9.3 Университет білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да стейкхолдерлердің бағдарламаларды бағалауға және қайта қарауға қатысуын қамтамасыз етеді және осы үдерістердің нәтижелерін бағдарламаларды үнемі жетілдіру үшін пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

9.9.4 Университет білім беру бағдарламаларының аудиті мен мониторингі нәтижесінде енгізілетін барлық өзгерістердің жарияланууын қамтамасыз етеді.

9.9.5 Университеттің білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу, мерзімді бағалау және қайта қарау олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге және студенттер үшін қолайлы оқу ортасын құруға бағытталған.

9.9.6 Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу, талдау және қайта қарау үшін төменде аталғандар негіз бола алады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жаңа МЖМС бекітілуі;

2) ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер/ толықтырулар енгізілуі;

3) жаңа кәсіби стандарттардың қолданысқа енгізілуі;

4) сауалнама немесе бағдарламалардың аудиті нәтижелері бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары мен пікірлері;

5) АК төрағаларының ұсынымдары;

6) ОПҚ зерттеу нәтижелері.

9.9.7 Білім беру бағдарламаларын (ББББ) жетілдіру келесі рәсімдерді қамтиды:

1) академиялық мәселелер жөніндегі департамент, академиялық кеңес деңгейінде өткізілетін әдістемелік қамтамасыз етудің жыл сайынғы сараптамасы;

2) нақты сипатталған алгоритм бойынша бағдарламаларды әзірлеушілер деңгейінде білім беру бағдарламаларының жыл сайынғы аудиті;

3) элективті пәндер каталогын (ЭПК) жыл сайынғы талдау және қайта қарау;

4) білім беру бағдарламаларын жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында барлық стейкхолдерлермен кері байланысты қолдау;

5) Академиялық жұмыс жөніндегі департамент деңгейінде ББ іске асырудың тұрақты мониторингі.

9.9.8 Негізгі стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасының сапасын бағалау төменде аталғандар арқылы жүзеге асырылады:

1) түлектердің білім беру бағдарламасының, оқыту ортасының және қолдау қызметтерінің сапасы туралы жыл сайынғы сауалнамасы;

2) білім алушыларға оқытудың сапасы және оқу үдерісіне тартылған ОПҚ-ны бағалау туралы сауалнама жүргізу;

3) түлектерді даярлау сапасы туралы жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу (екі жылда бір рет);

4) жыл сайынғы деректерді жинау және жұмысқа орналастыруды талдау, түлектердің мансаптық өсуін талдау.

9.9.9 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау төменде аталғандарды қамтиды:

1) аралық бақылаудан кейінгі үлгерім туралы ақпаратты жинау және талдау;

2) аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау;

3) алқалы органдардың отырыстарында үлгерім нәтижелерін талқылау;

4) аттестаттау комиссияларының жұмысы шеңберінде білім алушыларды даярлау сапасын талдау;

9.9.10 Оқу нәтижелерін талдау кезінде: бағалау өлшемшарттарының күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкестігі, бағалау материалы мазмұнының пәннің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, бағалау рәсімінің тиімділігі анықталады.

9.9.11 Жыл сайын білім беру бағдарламаларының сапасын жоспарлау, ұйымдастыру, мониторингілеу және дамыту үдерістерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау үшін ішкі аудиттер жүзеге асырылады.

9.9.12 Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінің нәтижелерін талдау, сондай-ақ білім беру бағдарламасының мониторингі мен бағалауының жалпы нәтижелерін қарау, жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеуді жетекшілік ететін проректордың басшылығымен Академиялық жұмыс жөніндегі департамент жүзеге асырады.

9.9.13 Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу, бағалау және жетілдіру процестерін Академиялық жұмыс жөніндегі департаменті қадағалайды.

9.9.14 Білім беру бағдарламаларына өзгеріс енгізілгенінің құжаттық куәліктері:

1) алқалық органдардың шешімдері;

2) білім беру бағдарламасын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары;

3) алқалық органдардың шешімдері негізінде жаңартылған әдістемелік қамтамасыз ету;

4) іс-шаралар хаттамалары;

5) білім беру бағдарламасының мониторингі мен бағалау нәтижелері туралы жыл сайынғы баяндама.

9.9.15 Білім беру бағдарламасының мониторингі мен бағалау нәтижелері туралы баяндама жасаудың негізгі мақсаттары:

1) білім беру бағдарламасын бағалауға және оны жетілдіруге жәрдемдесу;

2) білім беру бағдарламасына қойылатын сыртқы талаптардың өзгеруі туралы хабардар ету;

3) білім беру бағдарламасын іске асыратын басқа ұйымдармен идеялар алмасуды қолдау;

4) қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен мазмұнды үйлестіру;

5) білім беру бағдарламасын іске асыратын ОПҚ біліктілігін арттыру бағыттарын айқындау;

6) сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінен өту жөнінде ұсыным беру;

7) білім беру бағдарламасын дамыту үшін стейкхолдерлермен кері байланыстың нысандары мен мазмұнын айқындау;

8) кеңінен қолдану үшін озық тәжірибе мысалдарын анықтау.

9.10 Стандарт 10. Сапаны мерзімді түрде сырттан қамтамасыз ету

Стандарт

Оқу орындары мерзімді негізде ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедураларынан өтуі керек.

9.10.1 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету оның әртүрлі нысандарында сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін верификациялауға мүмкіндік береді, жетілдірудің катализаторы ретінде қызмет етеді және ЖОО үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Сондай-ақ, ол ЖОО мен жұртшылыққа білім беру мекемесі қызметінің сапасы туралы ақпарат береді.

9.10.2 Университет түрлі форматтағы сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне: лицензиялауға, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуге, жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингіне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының рейтингіне қатысады.

9.10.3 Аккредиттеу білім беру қызметтерінің сапасына және мамандарды даярлауға бұлжымастықты көрсету, білім беру бағдарламаларының сапасына тәуелсіз баға алу және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар алу, қазақстандық және халықаралық білім беру нарығында өзін көрсету, бәсекеге қабілеттілігін арттыру және түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін қажет.

9.10.4 Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдері университет ішіндегі сапаны қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді және жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен іске асырудың катализаторы болып табылады.

9.10.5 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерін іске асырудың алгоритмі:

1) сыртқы бағалау рәсімінен өту туралы шешім қабылдау;

2) сыртқы бағалауға дайындық туралы бұйрық шығару;

3) өзін-өзі бағалауды жүргізу және сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобын құру;

4) университет қызметінің сыртқы бағалау стандарттарының талаптарына сәйкестігіне өзіндік талдау және өзін-өзі бағалау жүргізу;

5) өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есептерді жасау;

6) сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру.

9.10.6 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімі аяқталғаннан кейін университет сапаны қамтамасыз етудің үздіксіз үдерісін қолдай отырып, қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және іске асырады.

9.10.7 Университет кейінгі аккредиттеуге дайындық кезінде сыртқы сапаны қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген ілгерілеуді ескеруге тырысады.

9.10.8 Университет білім беру бағдарламаларын аккредиттеу рәсімдерін тұрақты жүзеге асыруға ұмтылады.

9.10.9 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінен өту нәтижелері міндетті түрде университеттің ресми сайтында жарияланады.

10. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

10.1 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ықтималдық» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Екіталай (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Едәуір ықтимал
3	Ықтимал
4	Өте ықтимал

10.2 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Күрделілік» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың қанағаттанбауының болмашы жағдайлары; салдарын жоюға шамалы шығындар; университет беделіне залал келтірілмеуі)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар, мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтата тұру, беделін жоғалту).

10.3 кестесі – Тәуекелдің қолайлылығы шкаласы

Күрделілік / Ықтималдық	**1**	**2**	**3**	**4**
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

10.4 кестесі – Тәуекелдерді басқару

№	Үдеріс	Тәуекел/ жағымсыз уақиға	Тәуекелдің қызметке әсерін сипаттау/ Үдеріс	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету іс-шаралары (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Орындау мерзімдері
				Жағымсыз оқиғаның болуықтималдығы / жиілігі (В)	Маңыздылығы / жағымсыз уақиғаның әлеуетті немесе нақты салдары (С)	Баға (В*С)			
1									
2									
3									

11. ҚОСЫМШАЛАР

А қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ
(міндетті)

№	Аты-жөні	Қызметі	Мерзімі	Қолы

Б қосымшасы

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Р/с №	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ нөмірі				Парақтар саны	Өзгеріс енгізілген күні	Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға	
	Құжат	Бұйрық № , немесе алқалық басқару органдары хаттамасының №	Өзгертілген	Ауыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған			Аты-жөні	Қолы